ӘОЖ 902/904 (574)
ҒТАХР 03.41.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.1.92.100

Шығыс Сарыарқадағы Аршалы қонысы: алдын-ала нәтижелері

© 2024 ж. Утубаев Ж.Р., Дүйсенбай Д.Б., Кучеров П.Ю.

Key words: *archaeology, settlement, Dongal period, excavation site, stone tool, animal bones, ceramic fragments*
Түйін сөздер: *археология, қоныс, доңғал кезеңі, қазба, тас құрал, жануар сүйектері, қыш бөлшектері*
Ключевые слова: *археология, поселение, донгалский период, раскоп, каменное орудие, кости животные, фрагменты керамики*

Z. Utubayev[1], D. Duisenbay[2]* and P. Kucherov[1]
[1]Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Petropavlovsk, Kazakhstan
[2]National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
**Corresponding-author*

Arshaly settlement in Eastern Saryarka: preliminary report

As a result of reconnaissance work conducted in 2021 by the Saryarka Unit of the Margulan Institute of Archaeology in the Maysky district of the Pavlodar region, the Arshaly settlement was discovered. During the 2023 field season, excavations were carried out on an area covering 160 square meters. One dwelling was studied. The excavations yielded a significant collection of artifacts, including 30 stone tools, over 600 fragments of pottery, and approximately 1,400 animal bones. To achieve cultural and chronological attribution of the site, an analysis of the structure and findings was conducted. The article presents preliminary results of the research. The Arshaly settlement is approximately contemporaneous with Dongal period sites such as Tagybaibulak and Edyrei-2 (Central Kazakhstan). It is preliminarily dated to the 11th–10th centuries BCE.
Source of funding: The article was prepared within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan 2023–2024, IRN BR18574223.
Citation: Utubayev, Z., Duisenbay, D., Kucherov, P. 2024. Arshaly settlement in Eastern Saryarka: preliminary report. *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 1. Pp. 92–100 (in Kazakh).

Ж.Р. Утубаев[1], Д.Б. Дүйсенбай[2]*, П.Ю. Кучеров[1]
[1]Ә.Х. Марғұлан атынд. Археология институты, Алматы, Петропавл, Қазақстан
[2]Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан
**корреспондент авторы*

Шығыс Сарыарқадағы Аршалы қонысы: алдын-ала нәтижелері

2021 жылы Павлодар облысы Май ауданында Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Сарыарқа отрядының жүргізілген іздеу-барлау жұмысының нәтижесінде Аршалы қонысы табылды. 2023 жылғы далалық маусымда жалпы ауданы 160 ш. м. жерге қазба жүргізілді. Бір тұрғын үй зерттелді. Қазба барысында 600 астам қыш бөлшектері, 1400ге жуық жануар сүйектері және отыз тас құралдар табылды. Ескерткіштің мәдени-хронологиялық атрибуциясын нақтылау мақсатында құрылыс пен табылған заттарға талдау жүргізілді. Мақалада зерттеудің алдын ала нәтижелері берілген. Аршалы қонысы Тағыбайбұлақ және Едірей-2 (Орталық Қазақстан) сияқты доңғал кезеңінің ескерткіштерімен шамамен бір хронологиялық аралықта тұр. Алдын ала б.д.д. XI–X ғасырлармен мерзімдеуге болады.
Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2024 жж.арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, ЖТН BR18574223 жобасы аясында дайындалды.
Сілтеме: Утубаев Ж.Р., Дүйсенбай Д.Б., Кучеров П.Ю. 2024. Шығыс Сарыарқадағы Аршалы қонысы: алдын-ала нәтижелері. *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 1-т. 92–100-бб.

Ж.Р. Утубаев[1], Д.Б. Дуйсенбай[2]*, П.Ю. Кучеров[1]
[1]Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Петропавловск, Казахстан
[2]Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан
**автор-корреспондент*

Поселение Аршалы в Восточной Сарыарке: предварительное сообщение

В результате поисково-разведочных работ, проведенных в 2021 г. Сарыаркинском отрядом Института археологи им. А.Х. Маргулана в Майском р-не Павлодарской обл., обнаружено поселение Аршалы. В полевом сезоне 2023 г. на нем проведены раскопки, охватившие площадь 160 кв. м. Изучено одно жилище. В ходе раскопок получен значительный предметный комплекс, насчитывающий 30 каменных орудий труда, более 600 фрагментов керамики и около 1400 костей животных. С целью осуществления культурно-хронологической атрибуции памятника выполнен анализ сооружения и находок. В статье приводятся предварительные результаты исследования. Поселение Аршалы находится примерно в одном хронологическом интервале с такими памятниками донгальского периода, как Тагыбайбулак и Едирей-2 (Центральный Казахстан). Предварительно его можно датировать XI–X вв. до н.э.

Источник финансирования: Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК на 2023–2024 гг., ИРН BR18574223.
Цитирование: Утубаев Ж.Р., Дүйсенбай Д.Б., Кучеров П.Ю. 2024. Поселение Аршалы в Восточной Сарыарке: предварительное сообщение. *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 1. С. 92–100 (на каз. яз.).

Кіріспе


Аршалы қонысы Павлодар облысы, Май ауданы, Жұмыскер ауылдық округінің аумағында орналасқан. Аршалы тау жүйесінің ішінде, Аршалы қыстауынан батысқа қарай 1 км жерде. Топографиялық тұрғыдан жан-жағын таулар қоршап жатыр. Солтүстігі мен оңтүстігі таудың жартасты тастарымен шектеседі. Батыс және шығыс жағы ашықтау келген. Оңтүстіктен солтүстікке қарай сәл көлбеу орналасқан. СШ қарай 80 м жерде бұлақ ағып жатыр. Ескерткіштің оңтүстік жағынан батыс-шығыс бағытта дала жолы өтеді. Ескерткіш 2021 жылы археологиялық барлау жұмыстары барысында табылып, зерттеу мәліметтері жарыққа шықты [Қасенова және т.б. 2021: 20]. Ғылыми жұмыстар негізінен сипаттама мен сызбалық жұмыстар бойынша атқарылды. Зерттеу жұмыстары 2023 жылы қайта жалғасын тапты.

Қоныс аумағы шамамен 6000 ш.м. жерді құрайды (1-сур.). Ескерткіште 13 тас құрылыс пен үш тұрғын үй шұңқыры бар. Қоныс аумағын қалың шөп басып кеткендіктен тас құрылыстар әрең байқалады. Құрылыс тастарының басым көпшілігін шым басқан. Тас құрылыстар шаршы-тікбұрыш пішінді, ескерткіштің оңтүстік жағында биіктеу жерде орналасқан. Өлшемдері 14 × 10 м және 12 × 9 м. Құрылыстың кейбір тастары шым қабатынан 0,1–0,4 м биіктікте шығып жатыр. Екі қатар тастан салынған қабырғаның қалыңдықтары 1,0–1,3 м. № 1 тас құрылыс ОШ қарай 40 м жерде, таудың етегінде жеке орналасқан. Ойықтар қоныс аумағының солтүстігіне қарай, төмендеу орналасқан. Төбеден қарағанда сопақша пішінді, өлшемдері 13 × 11 м и 11 × 9 м, тереңдігі 0,2–0,35 м. Ішінен тас құрылыстар байқалмайды.

Қоныстағы № 2 құрылысқа 2023 жылы қазба жұмыстары жүргізілді. Аумағы 160 ш.м. болатын қазбаға тұрғын үй құрылысы толықтай енді. Мәдени қабаты 0,45–0,5 м болатын ескерткіш үш қабаттан: шым қабатынан, қоңыр-сұр түсті қабат және ең төменгі күл қабатынан тұрады. Тас құрылыстың шығыс жағынан ұзынша келген кіре беріс-коридоры жалғасқан (2-сур., *1*).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қазба жұмыстары ескерткіштегі № 2 құрылысқа салынды. Қазба аумағы 4 × 4 м-ден археологиялық тәсілмен он шаршы «квадрат» салынды. Шаршылар батыс-шығыс бағытта алфавиттік



1-сур. Аршалы қонысы. Ескеркіштің топографиясы. Фотосурет: Д. Дүйсенбай, Қ. Асылбеков
Fig. 1. Arshaly settlement. The topography of the site. Photo: D. Duisenbay, K. Asylbekov
Рис. 1. Поселение Аршалы. Топография памятника. Фото: Д. Дүйсенбай, К. Асылбеков



Сур. 2. Аршалы қонысы, № 2 тұрғын үй: *1* – қазба; *2* – қыш; *3* – тас құралдар; *4* – құю қалыбы; *5* – сүйектен жасалған құрал. Фотосурет: Ж. Утубаевтікі
Fig. 2. Arshaly settlement, dwelling No. 2: *1* – excavation site; *2* – ceramics; *3* – stone tools; *4* – casting mold; *5* – bone tools. Photo: Z. Utubayev
Рис. 2. Поселение Аршалы, жилище № 2: *1* – раскоп; *2* – керамика; *3* – каменные орудия; *4* – литейная форма; *5* – орудия из кости. Фото: Ж. Утубаев

тәртіппен, солтүстік-оңтүстік бағытта сандық ретпен белгіленді. Аумағы 160 ш.м. Қазба аумағына тұрғын үй құрылысы толықтай кірді. Тікбұрыш пішінді шаршы өлшемдері шамамен 10 × 9 м. Құрылыс тастары анық байқалады. Аумағын шөп басып кеткен. Оңтүстік қабырғасы таудың жартас тастарымен шектесіп жатыр. Шығыс қабырғасына ұзыншалау келген құрылыс тіркесе салынған. Алдымен, шым қабаты алынды. Шым қабатының қалыңдығы 0,15–0,2 м. Б2 шаршыда шым қалыңдығы 0,25 м-ге дейін жетеді. Шым қабатынан тас құралдар, қыш ыдыстарының бөліктері мен жануар сүйектері табылды. Олардың барлығы арнайы кестеге салынып, статистикалық мәліметтері алынды (1-кесте). Барлығы 430 астам жануар сүйектері, 185 дана қыш ыдыс бөліктері және 14 дана тас құрал табылды. Оның ішінде тас кетпен, соғуға, қыруға арналған тас құрал бар.

Нәтижелер

Құрылыс қабырғалары шым қабатынан кейін анық көрінді. Құлаған қабырға тастарының жалпақтықтары 2,0–2,5 м. Құрылыс қабырғасы анық байқалып жатыр. Оңтүстік және батыс жағында жалпағынан екі қатар таспен қойылса, шығыс және солтүстік қабырғаларындағы тастар тігінен қойылған. Ірі тақта тастардың өлшемдері 1,1 × 0,5 × 0,2 м. Шым қабатының астынан кездескен сұр-қоңыр түсті қабат материк деңгейіне дейін жетеді. Мәдени қалыңдығы құрылыс қабырғасының маңында 0,4 м-ге дейін жетсе, орталық бөлігінде 0,3 м. Тұрғын үй құрылысының орталық бөлігінен тікбұрыш пішінді тас құрылыс-ошақ табылды (сур. 2, *1*). Ошақтың батыс-шығыс ұзындығы 0,85 м, оңтүстік-солтүстік 1 м, материк деңгейінен биіктігі 0,2 м. Ошақтың ішкі және сыртқы жағын қара түсті күл қабаты алып жатыр. Қабаттың қалыңдығы 4 см. Айналасынан жануар сүйектері мен қыш ыдыс бөліктері табылды.

1-кесте – Аршалы қонысы. Шым қабатынан табылған артефактілер
Table 1 – Arshaly settlement. Artifacts found in the turf layer
Таблица 1 – Поселение Аршалы. Артефакты, найденные в слое дерна

Шаршы	Жануар сүйектері	Қыш бөліктері	Тас құрал
А1	18	11	0
А2	9	7	0
А3	44	11	2
Б1	108	28	3
Б2	1	0	0
Б3	15	12	1
В1	98	34	0
В2	26	28	1
В3	63	15	3
Г1	42	17	1
Г2	14	8	1
Жиыны	**430**	**185**	**14**

Құрылыс қабырғалары толық аршылып, фототүсірілімдер жасалды. Құрылыстың батыс-шығыс ұзындығы 9,9 м. Оңтүстік-солтүстік – 10,1 м. Қабырғаларының жалпақтығы (құлаған тастармен алғанда) батыс – 3,2 м, шығыс – 1,2 м. Солтүстік – 1,8 м, оңтүстік – 2,2 м. Негізгі қабырға тастарының жалпақтығы 1,2–1,6 м. Екі қатар тастан қойылған. Шығыс және солтүстік жақтарында тігінен тұрған тастар байқалады. Қабырғаның сақталған биіктігі 0,4–0,65 м. Төбеден қарағанда шаршы пішінді.

Құрылыстың шығыс қабырғасында шығысқа қарай ұзыншалау келген қосымша құрылыс салынған. Қосымша құрылыстың ұзындығы 4,9 м. Ені 1,8 м. Ішкі жағының жалпақтығы:

құрылыспен жалғасқан жері – 0,75 м, ортасы – 0,65 м, табалдырық бөлігі – 0,47 м. Қабырғасының тастарының биіктігі 0,5–0,95 м. Барлық тастары тігінен қойылған. Басым көпшілігі сақталған. Есіктің табалдырығына көлденеңінен жалпақ тас қойылған. Тастың өлшемдері 0,56 × 0,4 × 0,21 м.

Негізгі құрылыстың іші бір қатар тастармен бөлінген. Құрылыстың орталық бөлігінде солтүстік қабырғадан оңтүстікке қарай екі қатар тастардан тұратын қабырға тастарының төменгі бөлігі сақталған. Бұл тұрғын үйдің ішін бөлген қабырғаның қалдықтары болуы мүмкін. Ұзындықтары 4,1–4,2 м. Екеуінің арасы 2,3 м. Тас қабырғаның жалпақтығы 0,8–1 м (сур. 2, *1*).

Заттық табылымдардан 1000 жуық жануар сүйектері, 419 қыш бөліктері, 16 тас құрал табылды. Жануар сүйектері Б2, В2 шаршыдан көп шықты (сур. 2, *2–5*) (2-кесте).

2-кесте – Аршалы қонысы. Негізгі мәдени қабаттан табылған артефактілер
Table 2 – Arshaly settlement. Artifacts found in the main cultural layer
Таблица 2 – Поселение Аршалы. Артефакты, найденные в основном культурном слое

Шаршы	Жануар сүйектері	Қыш бөліктері	Тас құрал
А1	38	24	0
А2	19	11	0
А3	14	6	0
Б1	56	31	1
Б2	396	184	8
Б3	181	45	3
В1	8	4	0
В2	147	70	3
В3	105	35	1
Г1	11	5	0
Г2	13	4	0
Жиыны	**988**	**419**	**16**

А2, Б1 шаршылардан шаруашылық шұңқырлары табылды. А2 шаршыдағы сопақша пішінді шаруашылық шұңқырының өлшемдері 0,65 × 0,5 м, тереңдігі 0,2 м. Толтырылған күл арасынан жануар сүйектері табылды. Б1 шаршыда орналасқан шаруашылық шұңқырының өлшемдері 0,65 × 0,38 м. Тереңдігі 0,22 м. Солтүстік қабырғаға жақын орналасқан. Іші күл аралас топырақпен толтырылған.

Сонымен қатар, қоныстағы басқа құрылыстарға аумағы 1 × 1 м болатын барлау шурфтар салынды. Тереңдіктері 0,45–0,65 м. Жануар сүйектері, қыш бөліктері мен тас құралдар табылды. Артефактілер арнайы кестеде көрсетілген (3-кесте).

Кесте 3 – Аршалы қонысы. Шурфтан табылған артефактілер
Table 3 – Arshaly settlement. Artifacts found in the pit
Таблица 3 – Поселение Аршалы. Артефакты, найденные в шурфе

Шаршы	Жануар сүйектері	Қыш бөліктері	Тас құрал
1	24	0	0
2	10	4	1
3	33	6	0
4	26	4	1
5	18	11	0
Жиыны	**102**	**22**	**2**

Талқылау

Тұрғын үйден табылған қыш ыдыстардың өрнектері мен олардың пішіндері бойынша доңғал кезеңіне тән. Алғаш 1987 жылы қыш кешені бойынша доңғал кезеңін В.Г. Ломан бөліп шығарды [Ломан 1987]. Осы уақытқа дейін Доңғал, Тағыбайбұлақ [Маргулан 1979: 225–233], Едірей-2 [Бейсенов, Ломан 2009] және тағы басқа доңғал кезеңінің қоныстары зерттелді. Ернеуі бойынша белдеулі қыш ыдыстардың сынықтары, сонымен қатар, зигзаг тәрізді, бармақ және тырнақ іздерімен салынған өрнектер, «маржан» тәрізді өрнектелген қыш бөліктері табылды. Мұндай қыш өрнектері Тағыбайбұлақ, Доңғал, Қаратал 2, Едірей 2 қоныстарынан кездесті. Аршалы қонысына ең жақын орналасқан доңғал кезеңіне жататын ескерткіш 1974 жылы М.Қ. Қадырбаев қазба жүргізген Тағыбайбұлақ қонысы. Кейін Ә.Х. Марғұлан соңғы қола дәуірімен мерзімдейді. Ә.Х. Марғұлан қоныстан табылған сақ дәуірі өрнектерінің элементтері бар қыш ыдыстары бойынша мынадай: «Оригинален сосуд шаровидной формы с венчиком, слегка отогнутым наружу. Характерную особенность сосуда составляет сливной носик, выступающий на 2 см. Шейку окружают ряды жемчужного орнамента в виде цепочки бугорков. По форме он очень похож на сакскую керамику. Несомненно, он является прототипом сосуда со сливным носиком, широко распространенного в сакское время» [Маргулан 1979: 231] қорытынды келтіреді.

А.З. Бейсенов 2013 жылы екі құрылысқа зерттеу жұмыстарын жүргізіп, радиокөміртекті зерттеулердің қорытындысы бойынша б.д.д. VIII–V ғғ. жартысымен мерзімдеді. 1974 жылғы М.Қ. Қадырбаев зерттеу жасағанда тұрғынжайда доңғал кезеңінің қыш бөліктері мол кездессе, 2013 жылғы А.З. Бейсенов қазбасынан табылған қыш бөліктері сақ кезеңіне жатады. Бір қоныстағы екі құрылыстан доңғал және сақ кезеңдеріне жататын қыш бөліктерінің кездесуі Тағыбайбұлақ қонысында доңғал және ерте сақ кезеңінің нысандары әртүрлі уақытта қатар орналасқанын көрсетеді [Бейсенов 2014: 40]. Мұндай ұқсас материалдар екі мәдени қабаттан тұратын Едірей-2 қонысының материалдарын атап өткен жөн [Бейсенов, Ломан 2009: 113]. Қазіргі уақытта доңғал кезеңі ерте және кейінгі саты болып екі кезеңге бөлінген болатын [Касеналин 2017: 207]. Авторлар бұл тұжырымды қуаттай отырып, ескерткіштегі құрылыс пен қыш кешені бойынша доңғал кезеңінің ерте сатысымен мерзімдейді. Оған қыш кешенінде сақ дәуіріне тән қыш бөліктерінің кездеспеуі, шығысқа бағытталған ұзын коридордың болуы және соңғы қола дәуіріне тән тікбұрыш пішінді ошақтың шығуы дәлел бола алады.

Доңғал кезеңін жеке мәдениет ретінде қарастыру бойынша өткен ғасырдың аяғында бірқатар пікірлер айтылды [Евдокимов 1988]. Алайда, мерзімдеу уақытына кейін қайта қарастырулар жасалды. Бұған С14 радиокарбон сараптамалардың жоқтығы және осы кезең бойынша зерттеу нәтижелерінің аздығы себеп болды [Евдокимов 2000].

Жерлеу ескерткіштерінің уақытын анықтау бойынша бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді. Доңғал кезеңіне жататын қорымдардан алынған радиокөміртекті сараптамалар нәтижелері бір-екі ғасырға ерте мерзімдерді көрсетіп отыр. Бұл мерзімдеу мәселелерінде пәнаралық зерттеулерді көптеп кірістіруді қажет етеді. Сонымен қатар, жаңа кезеңдеу мәселелерін қарастыруды талап етпек [Beisenov 2016].

Қорытынды

Доңғал кезеңіне жататын ескерткіштерді жаңаша әдіс-тәсілдерді қатыстыра отырып зерттеу оларды тақырыптық ұғымнан жаңа мәдени кезеңге көтеруге мүмкіндік береді. Осы уақытқа дейін жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде доңғал кезеңінің өзі екі сатыға бөлінгендігі белгілі болды. Олардың хронологиялық уақыттары тек Орталық Қазақстанның материалдарымен тығыз байланысты [Касеналин 2017]. Аршалы қонысына ең жақын орналасқан Тағыбайбұлақ қонысының доңғал кезеңінің қыш кешені табылған тұрғын үйден радиокөміртегілік сараптамалардың алынбауы солтүстік өлкелердегі доңғал типтес ескерткіштер туралы мерзімдеу мәселелерін қайта қарастыруды қажет етеді. Бұл мәселелерді зерттеуде Аршалы қонысының маңында Аршалы-2

сақ дәуірінің қонысына кешенді зерттеу бағыты керек. Аршалы қонысына ең жақын орналасқан Тағыбайбұлақ қонысында екі дәуірдің тұрғындары өмір сүргендігін сараптама нәтижелері көрсетіп отыр [Бейсенов 2014: 39]. Демек, осы аймақта доңғал кезеңінің тұрғын үйіне жақын аумақта сақ дәуірінің тұрғындары да үй салуды дәстүрге айналдырған деп жорамал келтіруге болады.

Авторлар Аршалы қонысын заттық материалдары бойынша доңғал кезеңінің алғашқы сатысымен б.д.д. XII–XI ғасырлармен мерзімдейді. Бұл тұжырымдар пәнаралық зерттеулер негізінде, хронологиялық уақытын анықтау барысында белгілі болды. Қоныста сақ дәуірінің элементтерінің жоқ болуы және қоныстың солтүстік бөлігінде орналасқан тұрғын үй ойықтарының болуы ескерткіштің өмір сүру мерзімінің тереңдеуіне ықпал етуі мүмкін.

Әдебиет

1 *Бейсенов А.З.* Поселение Тагыбайбулак в Центральном Казахстане // Известия АлтГУ. 2014. № 4–1 (84). С. 35–41.

2 *Бейсенов А.З., Ломан В.Г.* Древние поселения Центрального Казахстана. Алматы, 2009. 264 с.

3 *Бейсенов А.З., Ломан В.Г., Касеналин А.Е.* Новое в археологии Сарыарки: донгальские погребения могильника Кызыл // Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии / Отв. ред. А.З. Бейсенов. Алматы: ИА КН МОН РК; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2013. С. 59–73.

4 *Евдокимов В.В.* Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстана. Алматы: ИА КН МОН РК, 2000. 140 с.

5 *Евдокимов В.В.* О выделении донгальской культуры переходного периода от эпохи бронзы к раннему железному веку в Центральном Казахстане // Проблемы археологии Степной Евразии: м-лы науч. конф / Отв. ред. В.Н. Добжанский. Кемерово, 1988. С. 101–103.

6 *Касенова А.Д., Утубаев Ж.Р., Казизов Е.С.* О результатах разведки 2021 г. в Северо-восточной Сарыарке: предварительное сообщение // Маргулановские чтения–2021 / Гл. ред. А. Онгарулы. В 3-х т. Т. 2. Алматы: ИА КН МОН РК, 2021. С. 11–22.

7 *Қасеналин А.Е.* Сарыарқаның өтпелі кезең ескерткіштерінің кезеңделуі мен мерзімделуі // Археологическоенаследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение / Отв. ред. А.З. Бейсенов, В.Г. Ломан. В 2-х т. Т. 2. Алматы: ИА КН МОН РК; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2017. С. 203–208.

8 *Ломан В.Г.* Донгальский тип керамики // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана / Отв. ред. В.В. Евдокимов. Караганда: Карагандинский гос. ун-т, 1987. С. 115–129.

9 *Маргулан А.Х.* Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1979. 360 с.

10 Beisenov A.Z., Svyatko S.V., Kassenalin A.E., Zhambulatov K.A., Duisenbai D., Reimer P.J. First Radiocarbon Chronology for the Early Iron Age Sites of Central Kazakhstan (Tasmola Culture and Korgantas Period) // Radiocarbon. 2016. Vol. 58. Issue 1. Pp. 179–191.

References

1 Beisenov, A. Z. 2014. In *Izvestiya AltGU (News of the Altai State University)* 4–1(84), 35–41 (in Russian).

2 Beisenov, A. Z., Loman, V. G. 2009. *Drevniye poseleniya Tsentralnogo Kazakhstana (Ancient settlements of Central Kazakhstan).* Almaty (in Russian).

3 Beisenov, A. Z., Loman, V. G., Kassenalin, A. E. 2013. In: Beisenov, A. Z. (ed.). *Begazy-dandybayevskaya kultura Stepnoy Yevrazii (Begazy-Dandybai culture of Steppe Eurasia).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology; “Begazy-Tasmola”, 59–73 (in Russian).

4 Evdokimov, V. V. 2000. *Istoricheskaya sreda epokhi bronzy stepey Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana (Historical environment of the Bronze Age of the steppes of Central and Northern Kazakhstan).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).

5 Evdokimov, V. V. 1988. In: Dobzhanskiy, V. N. (ed.). *Problemy arkheologii Stepnoy Yevrazii (Problems of archeology of Steppe Eurasia).* Kemerovo, 101–103 (in Russian).

6 Kasenova, A. D., Utubayev, Z. R., Kazizov, E. S. 2021. In*:* Onggaruly, A. (ed.). *Margulanovskiye chteniya–2021 (Margulanov readings–2021).* In 3 vol. Vol. 2. Almaty: Margulan Institute of Archeology, 11–22 (in Russian).

7 Kassenalin, A. E. 2017. In: Beisenov, A. Z., Loman, V. G. (eds.). *Arkheologicheskoe naslediye Tsentralnogo Kazakhstana: izucheniye i sokhraneniye (Archaeological heritage of Central Kazakhstan: study and preservation).* In 2 vol. Vol. 2. Almaty: Margulan Institute of Archeology; "Begazy-Tasmola", 203–208 (in Kazakh).

8 Loman, V. G. 1987. In: Evdokimov, V. V. (ed.). *Voprosy periodizatsii arkheologicheskikh pamyatnikov Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana (Issues of periodization of archaeological monuments of Central and Northern Kazakhstan).* Karaganda, 115–129 (in Russian).

9 Margulan, A. Kh. 1979. *Begazy-dandybayevskaya kultura Tsentralnogo Kazakhstana (Begazy-Dandybay culture of Central Kazakhstan).* Alma-Ata: "Nauka" Publ. (in Russian).

10 Beisenov, A. Z., Svyatko, S. V., Kassenalin, A. E., Zhambulatov, K. A., Duisenbai, D. B., Reimer, P. J. 2016. In *Radiocarbon,* vol. 58. Issue 01, 179–191 (in English).

About the Authors

Utubayev Zhanbolat – PhD, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-6484-2923 E-mail: utubaev_z@mail.ru

Duisenbay Daniyar – Researcher, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-3461-1390 E-mail: daniar_db88@mail.ru

Kucherov Pavel – Junior Researcher, Margulan Institute of Archeology, Petropavlovsk, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-7378-0904 E-mail: pavlentij_05_09_94@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Утубаев Жанболат Райымқұлұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD), Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан

Дүйсенбай Данияр Болатбекұлы – ғылыми қызметкер, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан

Кучеров Павел Юрьевич – кіші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Петропавловск қ., Қазақстан

Сведения об авторах

Утубаев Жанболат Райымкулович – кандидат исторических наук, доктор философии (PhD), Институт археологии имени А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан

Дуйсенбай Данияр Болатбекулы – научный сотрудник, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

Кучеров Павел Юрьевич – Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Петропавловск, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.04.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.05.2024.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.